

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 571 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 11 қарашада Манила қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

(2004 жылғы 28 мамырда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Тараптар" аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Филиппин Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

екі ел арасындағы достық қатынастар мен өзара түсіністікті нығайтуға ұмтыла
о т ы р ы п ,

теңқұқықтық және өзара тиімділік негізінде туризмді дамыту мақсатында,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің теңдігі мен өзара тиімділігі негізінде туризм саласында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес туризм мақсатында екі мемлекет арасында саяхат жасаушы Тараптар мемлекеттерінің азаматтары үшін оңайлатылған шекаралық және кедендік ресімдерді қолдануға ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туристік салаға жеке кәсіпорындардың қызметін инвестициялауды қоса алғанда, инвестициялар салуға ықпал ететін болады.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туристік ресурстарды басқарудағы ақпаратпен, білімдермен және тәжірибемен, туристік қызметте қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілермен, табиғи, сондай-ақ мәдени ресурстарды сақтау және орнықты дамыту жөніндегі шаралармен алмасу арқылы Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының туристік қызметті үйлестіруін жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туризм саласындағы оқу технологияларымен және зерттеулермен алмасатын болады, сондай-ақ Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы жеке келісімнің негізінде туристік бизнесті ұйымдастырудағы, менеджментіндегі тәжірибелермен алмасуға ықпал етеді және туризм саласындағы қызметшілерді оқытуда бір-біріне жәрдем көрсететін болады.

6-бап

Осы Келісім ережелерінің атқарылуына жауапты уәкілетті органдар:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ;

Филиппин тарапынан - Филиппин Республикасының Туризм департаменті болып табылады .

Жоғарыда аталған уәкілетті органдарының атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, олар Тараптарға туралы дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабарланады.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын әрі жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 10-бабына сәйкес күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің бірі немесе екеуі де мүшесі болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда пікір алшақтығы болған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасының күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапқа жазбаша хабарлау жолымен тоқтата алады. Осы Келісім Тараптардың бірінің екіншісіне тиісті хабарламаны жолдаған күннен кейін 6 (алты) айдан кейін қолданысын тоқтатады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаған жағдайда, оны қолдану барысында қабылданған бағдарламалардың орындалуына әсер етпейді.

2003 жылғы 11 қарашада Манила қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Филиппин Республикасының

Үкіметі үшін